

10. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_);

11. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі» // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193_) .

## **ӘСКЕРИ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

*Ислямова А.А.,*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті заң факультетінің магистранты  
(ғылыми жетекші — Мусин Қ.С., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., PhD докторы)*

Әскери қызметшілердің арнайы құқығы болып табылатын заңнамада бекітілген жеңілдіктер қатарын басқа қоғамдық өмір саласындағы азаматтардан ерекшелейтін олардың өздері мен отбасыларына байланысты салық төлеуге, жүк тасымалдауға, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. жатады.

Әскери қызметті өткеруіне байланысты мүлкін жоғалтқанда немесе жойылғанда үстемақы материалдық құқықтық сипатта болады.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларына қатысты жеңілдіктер өндірістің әр түрлі саласында көрініс табады. Қоғамдық және мәдени өмірде. Біреуі әскери қызметті өту кезінде, ал келесісі әскери қызметтен запасқа және отставкаға шыққанда. Жеңілдіктің ерекше категориясын соғыс, әскери қызмет мүгедектері мен қаза тапқан әскерлердің отбасыларына көрсетіледі.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасылары туралы қайта келетін бір мәселе, ол 16 ақпан 2012 жылы қабылданған «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес үстемақы ерекше сипаттағы міндет қойылған әскери қызметшіге беріледі. Осыған байланысты әскери қызметшіге жеңілдік тікелей оның әскери қызметінің ауырлығына байланысты беріледі. Бұл көрсетулер әскери қызметшіні кез – келген уақытта қызметтік, соның ішінде соғыс қимылдарында тез шешім қабылдауда денсаулығы мен өмірін тәуелдікке салу арқылы шешуіне негізделеді. Сонымен қатар азаматтарға қарағанда әскери қызметшілер мен олардың отбасылары климаты нашар жерлерде тұру мен әскери қызметшінің өз отбасынан ұдайы әскери қызмет бойынша алыста жүруімен ерекшеленеді.

Жеңілдіктердің мазмұнын әскери қызметшінің әскери қызметтегі шені, әскери қызметте болған мерзімі құрайды.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасылары жеңілдіктерді әскери қызмет басталғаннан бастап, әскери қызметшіні әскери бөлімнің жеке құрамынан алып тастағанға дейін пайдаланады. Соған қарамастан кейбір жеңілдіктерді әскери қызметтен, сондай – ақ Қарулы Күштер қатарынан кеткеніне қарамастан әскери қызметшілер мен олардың отбасыларында сақталады.

---

---

Әрекет етуші заңнамалар әскери қызметшіге келесідей жеңілдіктер түрлерін қарастырған – тұрғын үймен қамтамасыз ету және оны ұстап тұру, денсаулық сақтау саласында жеңілдіктер, жеке құқықтарын жүзеге асыруға байланысты және т.б.

Тұрғын үймен және оны ұстап тұру үшін жеңілдіктер. Олар ҚР – ның Қорғаныс министрлігіне берілген мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорынан әскери қызметті контракт бойынша өткерушілерге беріледі.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларына тұрғын үй заңнамаларында қарастырылуына байланысты жаңа әскери қызметке келгеннен бастап үш айдан кешіктірілмей берілуі тиіс.

Офицерлер, прапорщиктер, мичмандар, әскери қызметші - әйелдер, әскери қызметшілер әскери қызметті контракт бойынша өткеруші және олардың отбасылары тұрғын үймен қамтамасыз етілгенше әскери бөлімнің мекен – жайында тізімге тұруға құқылы.

Көрсетілген әскери қызметшілерге әскери қызметінің бірінші бес жылдығында (әскери мекемеде оқу уақытын қоспағанда) оларды тұрғын үймен немесе жатақханамен қамтамасыз ету керек. Тұрғын үйді уақытша жалдап тұруына байланысты шығындарды ҚР-сы Үкіметі бекіткен көлемде төленеді.

Әскери қызметшілер (шұғыл әскери қызметке шақыртылған тұлғалардан басқа) әскери қызметте болған жылына қарамастан, сондай – ақ жасына байланысты әскери қызметтен шығарылған тұлғалар, сонымен қатар денсаулығына, әскери қызметте 20 жыл стажы бар, бірақ штат санының қысқартылуына байланысты әскери қызметшілердің коммуналдық төлемдері, жанар май және тұрғын үйінің шығындары, телефон қолдануының 50 пайыздан артық емес көлемі төленеді.

Көрсетілген жеңілдіктер әскери қызметті өткеру кезінде мүгедек болғандар мен қайтыс болған немесе хабар – ошарсыз кеткен әскерилердің отбасыларына көрсетіледі.

Тұрақты тұрғын үйі жоқ әскери қызметшілерге ҚР – ның Үкіметі бекіткен көлемде тұрғын үй алу немесе салу үшін мемлекет Ұлттық банк бекіткен көлемде қарыз береді.

Бұл жеңілдік әскери қызметтен жасына байланысты, денсаулығына немесе штат санының қысқартылуына байланысты шығарылған әскери қызметшілерде сақталады. Асыраушысынан айырылған әскери қызметшілердің отбасыларының басқа тұрғын үйге, денсаулық саласындағы жеңілдіктері «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы анықтайды.

Әскери қызметшілер тегін медициналық көмекті әскери – медициналық бөлімшелерде, мекемелерде алуға құқылы әскери қызметшінің тұрғылықты жері бойынша медициналық мекеменің, құралдың, тез медициналық көмек көрсету кезінде кез – келген медицина мекемесі қандай ведомстваға жататындығына, формасына қарамастан тегін және ешбір кедергісіз өткізуге міндетті.

Емделуге әскери қызметшінің жұмсаған ақшасының орнын ҚР-сы Қорғаныс министрлігі әскери қызметші әскери қызметін өткеріп жатқан бөлімшеде толтырады.

Әскери қызметшілерге (шұғыл әскери қызметке шақыртылған әскери қызметшілер мен әскери – оқу мекемесіндегі курсанттардан басқа) және олардың отбасыларына демалыс уақытында санаториялық – курорттық ем алумен қатар ТМД мемлекеттерінің территориясында басқа ведомстволық бағыныстылық қарамағындағы ем алу мекемелерінде өткізуге мүмкіндік жасалған.

Осымен қатар көрсетілген әскери қызметшіге жыл сайын берілген путевканың орташа көлемінде үстемақы беріледі және олардың отбасыларына путевканың 50 пайызындай жеңілдік беріледі.

---

---

Көрсетілген жеңілдіктер жасына байланысты әскери қызметтен босатылған, сондай-ақ денсаулығы немесе штат санының қысқаруына байланысты, бірақ 20 жыл әскери қызметші болған адамдарға да дариды.

Әскери қызметші әйел адамдар заңнамада көрсетілген барлық жеңілдіктерді пайдалана алады. Соның ішінде атап айтатын болсақ әйелдерді қоғамдық қолдау, аналар мен балаларды қорғау және бұл жеңілдіктер ата – анасыз қалған балаларды асыраушы әскери қызметшілерге арналған.

Транспортта жүру үшін жол ақысына жеңілдік. Бұл жеңілдіктер 20.01.1991 ж. «Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын қоғамдық қолдау мен мәртебесі туралы» заңы арқылы реттеледі. Заңға сәйкес барлық әскери қызметшілер транспорттың барлық түрін тегін пайдалана алады. Атап айтатын болсақ қала аралық, қалалық (таксиден басқа), іс сапар кезінде, сонымен қатар емделуге барған және қайтқан кезінде, қызметінің ауысуына байланысты әскери қызметтен шыққанда. Соған қарамастан 10т дейінгі жүгін тегін алып жүру қарастырылған.

Әскери қызметшінің отбасысы (шұғыл әскери қызметке шақыртылғаннан басқа) әскери қызметшілермен тең транспортта жүру жеңілдігін пайдаланады.

Көрсетілген шығындар Қорғаныс министрлігі арқылы және басқа да ведомства мен ұйымда әскери қызметші әскери қызметтік тізімде тұрған жер төлейді.

Жергілікті өкілетті органдар шұғыл әскери қызметке шақыртылған әскерилерге қоғамдық транспорттардың барлық түріне – қалалық, жергілікті байланыстарға (таксиден басқа) жергілікті бюджеттен ақша бөлуге құқылы.1

Әскери қызметшілер барлық транспорт түріне кезексіз жолда жүру құжатын алуға құқылы.

Ардагерлерге арналған жеңілдіктер. Ұлы Отан Соғысына қатысқан әскерилер мен мүгедектерге, басқа соғыс қимылдарына қатысқан әскерилер мен олардың отбасыларына келесідей жеңілдіктер беріледі:

медициналық қызметті тегін пайдалану;

егер, көрсетілген тұлғалар тегін дәрі – дәрмекпен қамтамасыз етілуге жататын болса, амбулаторияда емделуші әскери қызметші толық немесе жартылай бағасын төлеу арқылы алады.

Ұлы Отан Соғысына қатысушылар мен мүгедектерге көрсетілген транспорттарда жүру жеңілдігі туралы мәселе 12 наурыз 1993 ж. Тәуелсіз Мемлекеттер Бірлестігіне арналған тарауға Үкіметтің қолының қойылуымен анықталады.

Ардагерлерге жеңілдіктер және басқа да алдын ала СССР және ҚР – ның заңнамасы арқылы бекітілген құқықтары алынып тасталуға немесе ауыстырылуға жатпайды.

Ардагерлерге қоғамдық көмек олардың экономикалық моральдық талаптарын қанағаттандыруға байланысты ардагерлерге төмендегідей қосымша жеңілдіктер ұсынылады:

ҚР – ның заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамтамасыз ету, салық салу, әлеуметтік жәрдемақы төлеу қамтамасыз етіледі;

Коммуналдық тұрмыстық және сауда қызметтерін төлеуге;

Медициналық және протездік – ортопедиялық қызмет, санитарлық – курорттық емделу, медициналық тағайындалуларға байланысты дәрі – дәрмекпен қамтамасыз ету;

Транспортпен қамтамасыз ету және поездбен жүруіне төлеу;

Жұмыспен қамту, оқу, еңбек талаптарына сай қайта дайындау;

Байланыс құралдарын, мәдени - шаралар мен спорттық - емделу мекемелелін қолдануға;

әлеуметтік қамтамасыз ету орталығының қызметін, қоғамдық және заңдық көмек.

---

---

Жеке құқықтарын жүзеге асыруға байланысты құқықтары. Бұл категориядағы жеңілдіктер қатарын офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандарға, әскери – қызметші әйелдерге, әскери қызметшілер контракты бойынша 10 календарлық жыл әскери қызметте болғандарға ҚР-сы жер заңнамаларына сәйкес бірінші кезекте жер учаскелері беріледі.

Жасына байланысты әскери қызметінен босатылар алдында 3 жылдан кем емес уақытта әскери қызметшінің жеке тұрғын үйін салуға, шаруашылық (фермерлік) әрекет жүргізу үшін және әскери қызметтен босағасын жеке кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін ҚР-ның заңнамаларына сәйкес жер учаскелері беріледі.

Әскери қызметшілерге 20 жылдық календарлық есеп бойынша еңбегі үшін Қарулы Күштер қатарында тұрған автокөлік және автотракторлық техникаларды тозығуына байланысты иемденуге құқылы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Исенгулов А. Военная реформа в Республике Казахстан: желаемое и действительность // Время ПО.-2001-4.-С.37-40.
2. Кемельханов А.Ж. Военное право: Учеб. Пособие.-Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2004.-344с.
3. Проблемы национальной безопасности в стратегии «Казахстан-2030» Рахманова Г.Б.-Алматы.: 2000.-153с.
4. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012ж. 16 ақпандағы 561-IV Заңы.